

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### Қазақстандықтар БЖЗҚ-дағы жеке зейнетақы шоттарынан ай сайын 3 миллионнан астам үзінді көшірме алады

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 2022 жылдың үш айында (01.01.2022 - 01.04.2022 аралығында) өз салымшыларына **11,8 миллион қызмет** көрсетті.

БЖЗҚ қызметтерінің **93% астамын** ыңғайлы, әрі жедел болып табылатын онлайн тәртібінде көрсетеді. Естеріңізге сала кетсек, салымшылар мен алушылардың үйден шықпай-ақ, бірнеше минут ішінде Қордың барлық қызметін алуға мүмкіндігі бар. Мәселен, БЖЗҚ сайтында да, ұялы қосымшасында да бар Жеке кабинеттің көмегімен салымшылардың қызметтерді қалаған уақытында, кез-келген жерде ала алатынын естеріңізге саламыз. Атап айтқанда, жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ-ның болуы туралы анықтама алу, мерзімсіз уақытқа 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру, төлемге берілетін өтініштің мәртебесін қадағалау және тағы басқа қызмет түрлері. Онлайн қызметтердің жалпы көлемнің **8,1 миллионы** (немесе **68,49%**) БЖЗҚ сайтында немесе мобильді қосымшасында көрсетілді.

Сонымен қатар, Қорда қызмет көрсетудің өтінімсіз түрі де дамыған. Мысал ретінде айтсақ, оған міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын автоматты түрде ашу кіреді. Естеріңізге сала кетейік, жеке тұлғаның БЖЗҚ-да ашылған ЖЗШ болмаған жағдайда, ол алғашқы жарна келіп түскен кезде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады. Бұл ретте тұлғаның жеке басын сәйкестендіру МЗЖ, МКЗЖ немесе ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер бойынша жүзеге асырылады. Салымшының қолданыстағы құжатының деректемелері мен тұрғылықты жері туралы барлық қажетті мәліметтерді БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінен алады. Өтінімсіз тәртіпте жыл басынан бері **2,9 миллион қызмет** немесе жалпы көлемнің **24,66%** көрсетілді.

Дәстүрлі тәсіл – кеңсеге келіп қызмет алу түрі бойынша БЖЗҚ-ның Қазақстан бойынша барлық бөлімшелерінде салымшыларға **494 741 мың қызмет** көрсетілді. Естеріңізге сала кетейік, Қордың жақын жердегі бөлімшесі туралы [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтынан немесе ENPF мобильді қосымшасынан тез білуге болады. «БЖЗҚ» АҚ мен «Қазпошта» АҚ-ның шалғайдағы елді мекендерде орналасқан ұлттық пошта операторының бөлімшелерінде көрсетілетін қызмет түрлері бойынша бірлескен жобасының арқасында Қор салымшыларына 2022 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша, пошта операторының 347 бөлімшесінде **3 634 қызмет** көрсетілді. Қордың барып қызмет көрсету бөлімдері жыл басынан бері **16 847 операцияны** жүзеге асырды. Аталған бөлім міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын ашу туралы өтініштерді (оның ішінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылу туралы өтініштерді) рәсімдеу бойынша қызметтерді ұсынады. Сондай-ақ, тазалық-эпидемиологиялық шараларын сақтай отырып, халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын салымшыларға (алушыларға) (мерзімсіз мүгедектігі бар 1 және 2 топтағы мүгедектер) қызмет көрсетеді.

Атап кетейік, Қордың салымшылар арасындағы ең танымал қызметі – үзінді көшірме беру бойынша **9 679 844 операция (шамамен 68% электронды түрде)**, одан кейін БЗТ алуға қабылданған өтініштерге қатысты (автоматты тәртіпте) **1 389 315 операция** орындалған.

БЖЗҚ салымшылар мен алушыларға арналған ақпараттық арналарды дамытып, сапалы ақыл-кеңес беру қызметін дамытуға да ерекше көңіл бөледі. 2022 жылдың 1 сәуіріне **312 391 өтініш** қаралды.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ салымшылары мен алушылары 1418 нөмірі (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) арқылы байланыс орталығы, [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) корпоративтік сайты,

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

сондай-ақ, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боты және Facebook, Instagram, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі БЖЗҚ-ның ресми парақшаларында ақыл-кеңестер ала алады.

*БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz) сайтында).*